

Бекітемін:

«Күншуақ жекеменшік бөбекжай-
бақшасының

әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Қош келдің Жаңа жыл!»

(«Алпамыс» тобының ертеңгілігі)



Тәрбиешілер: Байбақова Ж

Утеуова М

Таушық ауылы, 24.12.2024

Айя: Бүлдіршіндер -балаларда,

Үлкен шырша бар екен.

Сан алуан ойыншықтары,

Жарқырайды шамменен.

Қуанады балалар.

Әли: Айя қарашы, айнала аппақ, әдемі болып тұр. Мынау біздің үлкен шыршамыз. Айя, шыршамыз бүгін, әдемі болып, сәнденіп алған!

-Қандай сұлу болып тұр?

-Қане, балалар, сәлем беріп қуантайық шыршаны, көңілді және дауыстап айқайлаймыз.

Балалар: Сәлеметсізбе, біздің шырша.

Шырша дауысы: Сәлем балалар Қош келдіңіздер. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын! Бүгін Жаңа жылда ән салып, би билеп көңіл күйлеріңді көтеріп, мерекені өте көңілді өткізіңдер.

Айя: Әли қарашы, шыршамыз көңілсіз тұрғандай, шыршаға бірдене жетіспей тұрған сияқты.

Әли: Йа Айя, ой-ой-ой Әли шыршамыз жарқырап жанбапты ғой.

Айя: Мен білемін шыршамызды көңілді қылатын қонақтарды шақырайық.

Әли: Ол кімдер?

Айя: Ол Аяз Ата мен Ақшақар.

Айя: Олай болса тездетіп шақырайық шыршамызды жағып берсін.

(балалармен Әли, Айя Аяз Ата мен Ақшақарды шақырады)

Бәріберге: Ауу-ауу-ауу Аяз Ата,

Ауу-ауу-ауу Ақшақар.

(Әуенмен кіреді)

Аяз ата: Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың,

Асулармен алысқан.

Асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге,

Шаршап келді алыстан.

Ақшақар: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамық орап алды маңайды,

Армысындар, балалар.

Бармысындар балалар,

Жаңа жылды жұп жазбай.

Бірге тойлайық.

Али: Аяз Ата біздің шыршамыз көңілсіз, Шыршамыздың шамын жағайық деп біз сіздерді күттік.

Аяз Ата: Жарайды.

(бәрі бірге)

1,2, 3 шырша шамы жана түс.

(шыршы шамы жанады)

Айя: Алақай Әли қарашы Шырша шамы жарқырады. Әли балалармен бірге Шыршаға арнап «Шырша» әнін айтайқшы.

Ән : Шырша, шырша шыршамыз.

Аяз Ата: Ақшақар менің сыйлық салынған қапшығым қайда? Мен оны қайда ұмытып кеттім? Мен енді өнерлерін көрсеткен балаларға сыйлықтарымды таратайын.

(Қоян кіреді)

Қоян: Ой, саламатсыздарма балалар, қонақтар. Қандай әдемі жер? Бұнда не болып жатыр?

Балалар: Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз.

Қоян: Аяз Ата, Ақшақар сіздерде осында екенсіздер ғой. Мен мына қапшықты тауып алдым орманнан. Сіздікі шығар деп іздеп келе жатыр едім.

Аяз Ата: бұл менің қапшығым ғой, өнерлерін көрсететін балаларға сыйлықтарым бар еді. Мен орман ішімен келе жатқанда жоғалтып алып едім. Рахмет саған қоян.

Қоян: Ештен етпейді. Ой мында менің достарымда бар екен ғо, менде достарыммен мерекені тойласам болама?

Айя: Әрине Қоян, бізбен бірге Жаңа жыл мерекесін тойласаң болады. Солай емеспе Әли?

Әли: Әрине ендеше кезекті балапандарымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Ерхан.

Жаңа жыл Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.
Жасыл шыаша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Дархан.

Жаңа жыл келгенде.
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз, ән саламыз.

Ай- Дария.

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын,
Төрле-төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Арман.

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса,
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Ережеп.

Әдемілеп біз ілген.
Ойыншықтар тізілген,
Қандай әсем шыршамыз.
Ән щырқайық бәріміз.

Айя: Аяз Ата сіз шаршаған боларсыз. Сізге арнаған біздің балаларымыздың «Санта» биі бар.

Әли: Қанекей балалалар қонақтарға өз өнерімізді көрсетейік.

Би: «Санта» биі.

(Айдария, Ақтілек, Айару, Дархан, Ерхан, Мансұр. Айсұлтан.Қ. Жасмина. Ережеп).

Әли: Аяз ата, Ақшақар, Қоян мерекеміз көңілді болуы үшін балалармен ойын ойнасақ қалай болады?

Кругпен ойын: Қораптағы сыйлықты, екінші жерге жерге жеткізу.

(мақтау, мадақтау)

Қоян: Аяз Ата менде құр қол емеспін осы жерде отырған достарыммен бірге бір өнерімді көрсетсем.

Айя; Әрине біздің қояндарымыз дайын.Келесі кезекті «Қояндар» биіне береміз.

Би: Қояндар

(Арман, Дәурен, Елдес, Мұстафа, Айсұлтан.Т. Ерсін, Мұхаммед. Дилназ,)

Айя: Тақпақ, өлең жаттадық,

Би биледік көрсін деп,

Аяз Ата шаттанып,

Бізге риза болсын деп.

Келесі кезекті әнге береміз.

Ән :«Шыршаға бардық».

Ақшақар:

Аяз Ата мерекені жақсы тойлап жатырмыз, енді балаларға арнап әкелген сыйлықтарымызды таратайық.

Аяз Ата:Ой ұмытшақ басым-ай, балаларға сыйлығымды бермеппін гой.

Айя: Біз өнерлі баламыз.

Ертен -ақ өсіп толамыз.

Атамыздың сыйлығын,

Рахмет айтып аламыз.

Аяз АТа: -Ал, балаларым тағы да Жаңа жыл құтты болсын. Енді біздің де қайтатын уақытымыз болып қалды. Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болыңдар!

Аяй мен Әли:

Би-биледік, жырладық,

Қызығына тоймадық!

Жаңа жылды думандатып тойладық.

Ал құрметті қонақтар, бүлдіршіндер Жаңа жылға арнаған ертеңгілігімізді айяқтаймыз.





